

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде командирлердің (бастықтардың) тәрбие және әлеуметтік-хұқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарларының институтын құру туралы

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы 1993 ж. 19 қаңтар N 1084

Қазақстан Республикасы әскерлерінде тәрбие жұмысын жақсарту, Қарулы Күштері адам құрамының арасында жауынгерлік тәртіп пен хұқықтық реттілікті нығайту және әскери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік-хұқықтық қорғалуы үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде командирлердің (бастықтардың) адам құрамымен жұмыс жөніндегі көмекшілерінің институты таратылып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі аппаратынан, Республикалық ұланынан, Шекара және Ішкі әскерлерінен, әскери мекемелерден бастап роталарға дейінгі (оларға тең келетін) буындарды қоса командирлердің (бастықтардың) тәрбие және әлеуметтік-хұқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарларының институты енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аппаратында тәрбие және әлеуметтік хұқықтық жұмыс жөніндегі басқарма, Республикалық ұлан, Шекара және ішкі әскерлер басқармаларында, корпустарда, дивизияларда, бригадаларда және оларға тең құрамдарда - бөлімдер, полктерде және оларға тең құрамдарда - бөлімшелер құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Республикалық ұлан бір ай мерзімде әскери бөлімдер мен мекемелердің штатын осы Жарлыққа сәйкес келтіретін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
 П р е з и д е н т і